



Thinking of you
Electrolux



EGT96342

КК ПІСІРУ АЛАҢЫ	ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛАРЫ	2
RU ВАРОЧНАЯ ПАНЕЛЬ	ИНСТРУКЦИЯ ПО ЭКСПЛУАТАЦИИ	17
UK ВАРИЛЬНА ПОВЕРХНЯ	ІНСТРУКЦІЯ	33

МАЗМҰНЫ

1. САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	3
2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ	4
3. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ	7
4. ӘРКҮНДІК ҚОЛДАНУ	7
5. ПАЙДАЛЫ НҰСҚАУЛАР МЕНЕН КЕҢЕСТЕР	8
6. КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ	9
7. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ	11
8. ОРНАТУ	12
9. ТЕХНИКАЛЫҚ АҚПАРАТ	15

СІЗ ОЙЫМЫЗДА БОЛДЫҢЫЗ

Electrolux құрылғысын сатып алғаныңызға рахмет. Сіз ондаған жылдар бойғы кәсіби тәжірибе мен инновацияға сүйеніп жасалған құрылғыны таңдадыңыз. Тапқырлықтың туындысы болған, көз тартарлық бұл құрылғыны жасау барысында сіз ойымызда болдыңыз. Сондықтан, қолданған сайын тамаша нәтижеге қол жеткізе алатыныңызға сенімді болыңыз.

Electrolux әлеміне қош келдіңіз.

Біздің веб-сайтқа барып келесіні қараңыз:



Қолдануға қатысты кеңестер, кітапшалар, ақаулықты түзету, қызмет көрсету туралы ақпарат:
www.electrolux.com



Сізге барынша жақсы қызмет көрсету үшін өніміңізді мына жерге тіркеңіз:
www.RegisterElectrolux.com



Құрылғыңызға қажетті керек-жарақтарды, шығынды материалдарды және фирмалық қосалқы бөлшектерді сатып алу үшін:
www.electrolux.com/shop

ТҰТЫНУШЫҒА КӨМЕК, ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Фирмалық заттарды қолдануды ұсынамыз.

Қызмет көрсету орталығына хабарласқанда келесі деректердің дайын болуын қамтамасыз етіңіз. Деректерді техникалық ақпарат тақтайшасынан табуға болады. Үлгісі, Өнім нөмірі, Сериялық нөмірі



Ескерту / Абайлаңыз - Қауіпсіздік туралы маңызды мағлұмат.



Жалпы мағлұматтар менен кеңестер



Қорғаған ортаға зиян келдірмей пайдалану туралы нұсқаулар

Өндіруші ескертусіз өзгеріс енгізу құқығына ие.

1. САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Құрылғыны орнатып іске қолданар алдында бірге жеткізілген нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Құрылғыны дұрыс орнатпау мен дұрыс пайдаланбау нәтижесінде адам жарақат алса және ақаулық орын алса өндіруші жауапты емес. Нұсқаулықты келешекте қарап жүру үшін үнемі сақтап қойыңыз.

1.1 Балалар мен дәрменсіз адамдардың қауіпсіздігі



Назарыңызда болсын!

Тұншығып қалу, жарақат алуы немесе мүгедек болып қалу қаупі бар.

- Бұл құрылғыны 8 жасқа толған және одан асқан балалар және кемтар, сезім немесе ой-қабілетіне нұқсан келген адамдар немесе тәжірибесі немесе білімі аз адамдар, өз қауіпсіздіктерін қамтамасыз ететін адамның бақылауында болса пайдалана алады.
- Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз. 3 жасқа толмаған балаларды құрылғының қасына қараусыз қалдыруға болмайды.
- Орам материалдарының барлығын балалардан алыс ұстаңыз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда немесе ол суып тұрғанда, балалар мен үй жануарларын оған жақындатпаңыз. Қолжетімді бөлшектері ыстық болады.
- Егер құрылғы бала қауіпсіздігінің құралымен жабдықталса, оны іске қосуды ұсынамыз.
- Балалар тазалау және күтім көрсету жұмыстарын басқаның бақылауынсыз орындамауға тиіс.

1.2 Қауіпсіздік туралы жалпы ақпарат

- Құрылғы мен оның қол жететін жердегі бөлшектері қолдану барысында ысып тұрады. Қыздырғыш элементтерін ұстамаңыз.
- Құрылғыны сыртқы таймермен немесе бөлек қашықтан басқару жүйесімен басқармаңыз.

- Май немесе өсімдік майы қосылған тағамды пештің үстіне қараусыз қалдыру қауіпті және өрт шығуы мүмкін.
- Өртті ешқашан сумен сөндіруге әрекет жасамаңыз, бұндай жағдайда құрылғыны сөндіріп, содан кейін жалынды қақпақ немесе өрт басқыш көрпе тәрізді затпен жабыңыз.
- Пісіру алаңына зат сақтамаңыз.
- Құрылғыны бумен тазалайтын құралмен тазаламаңыз.
- Пышақ, шанышқы, қасық және қақпақ тәрізді темір заттарды пештің үстіне қоймаңыз, себебі ысып кетеді.
- Егер шыны бетке сызат түссе, электр қатері пайда болмас үшін құрылғыны сөндіріңіз.
- Егер қуат сымына зақым келген болса, қатерден сақтану үшін оны өндіруші немесе уәкілетті техник немесе сол сияқты білікті маман ауыстыруға тиіс.
- Құрылғыны тоққа тура қосу үшін, контакт интервалы сақталатын, барлық полюстерде оқшаулайтын айырып-қосқыш қажет. Тоқты айыру жұмыстарын міндетті III-ші асқын кернеу санатында көрсетілген жағдайларға сай іске асыру керек. Жерге тұйықтау сымы қолданылмайды.
- Электр сымын төсеген кезде, температурасы бөлме температурасынан 50°С градус жоғары болатын заттарға тура тигізбей (мысалы, оқшаулағыш төлкені пайдаланып) орнатыңыз.
- Егер пеш үстінің шынысы сынып қалса:
 - барлық оттықтарды дереу сөндіріңіз де, электрлі қыздырғыш элементтердің барлығын оқшаулап, құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз.
 - құрылғының бетіне қол тигізбеңіз,
 - құрылғыны пайдаланбаңыз.

2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

Бұл құрылғы келесі нарықтарға арналған:

BY **KZ** **RU** **UA**

2.1 Орнату



Назарыңызда болсын!

Бұл құрылғыны тек білікті маман ғана орнатуға тиіс.

- Орам материалдарының барлығын алыңыз.
- Бүлінген құрылғыны орнатпаңыз немесе пайдаланбаңыз.
- Құрылғымен бірге берілген орнату бойынша нұсқауларды орындаңыз.
- Осы құрылғы мен басқа құрылғылардың, заттардың арасындағы минимум қашықтықты сақтаңыз.
- Құрылғыны жылжытқан кезде үнемі абай болыңыз, себебі салмағы ауыр. Әрқашан қорғаныс қолғабын киіңіз.
- Кесілген беттерге ылғал кіріп үлкейтіп жібермес үшін тығыздағышпен бітеңіз.
- Құрылғының астыңғы жағын бу мен ылғалдан қорғаңыз.
- Құрылғыны есікке жақын жерге терезенің астына қоймаңыз. Бұл есік немесе терезе ашылған кезде ыстық ыдыс құрылғыдан құлап кетпеу үшін қажет.
- Егер құрылғыны тартпалардың үстіне орнатсаңыз, құрылғының астыңғы жағы мен үстіңгі тартпаның арасында ауа ауысып тұруға жеткілікті орын қалуын қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғының астыңғы жағы ысып кетеді. Құрылғының астыңғы жағын қол жетпейтін етіп бітеу үшін тұтанбайтын оқшаулағыш панель орнатуды ұсынамыз.

Электртоғына қосу



Назарыңызда болсын!

Өрт шығу және электр қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Электртоғына қосу жұмыстарының барлығын білікті электрші ғана іске асыруға тиіс.
- Құрылғыны міндетті түрде жерге тұйықтау қажет.
- Қандай да бір жұмысты іске асырмай тұрып, құрылғының электр желісінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
- Дұрыс электр сымын пайдаланыңыз.
- Электр сымдарының оратылуына жол бермеңіз.

- Құрылғыны жақын тұрған розеткаға жалғаған кезде электр сымы немесе ашасы (бар болса) ыстық құрылғыға немесе ыстық ыдысқа тиіп кетпес үшін абай болыңыз.
- Құрылғының дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. Босап қалған және дұрыс жалғанбаған электр сымы немесе ашасы (бар болса) ағытпаны өте ысытып жіберуі мүмкін.
- Электр қатерінен сақтандыру құралының орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Сымға деформацияға қарсы қапсырманы пайдаланыңыз.
- Құрылғының сымына немесе ашасына (бар болса) зақым келтірмеу үшін абай болыңыз. Зақым келген электр сымын ауыстырту үшін қызмет көрсету орталығына немесе электршіге хабарласыңыз.
- Электр жүйесі құрылғыны кез келген полюсте ажыратуға мүмкіндік беретін оқшаулағыш құралмен жабықталуға тиіс. Оқшаулағыш құралдың контакт ара қашықтығы кем дегенде 3 мм болуға тиіс.
- Дұрыс оқшаулағыш құралдарды ғана қолданыңыз. желіні қорғайтын ажыратқыштар, сақтандырғыштар (ұстатқыштан алынған бұрандалы сақтандырғыштар), жерге тұйықталудан қорғау тетіктері мен тұйықтағыштар.

Газға қосу

- Газға қосу жұмыстарының барлығын білікті маман ғана іске асыруға тиіс.
- Орнатар алдында жергілікті жабдықтау жағдайлары (газдың түрі мен газдың қысымы) және құрылғының параметрлері сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғының айналасында ауаның айналуын қамтамасыз етіңіз.
- Газбен жабдықтау туралы ақпарат техникалық ақпарат тақтайшасында берілген.
- Бұл құрылғы жану өнімдерін тартып әкететін құрылғыға жалғанбаған. Құрылғыны ағымдық орнату ережелеріне сай орнатыңыз. Желдету талаптарының дұрыс орындалуына көз жеткізіңіз.

2.2 Қолданылуы



Назарыңызда болсын!

Жарақат алу, күйіп қалу немесе электр тоғының қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Ең алғаш пайдалану алдында барлық орам материалын, жапсырмасын және қорғау таспасын (бар болса) алыңыз.
- Бұл тұрмыста қолдануға арналған құрылғы.
- Бұл құрылғының техникалық сипаттамасын өзгертпеңіз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғыны назардан тыс қалдырмаңыз.
- Құрылғыны су қолмен іске қоспаңыз немесе суға тиіп тұрған құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Пісіру алаңдарына ас құралдарын немесе кестрәлдердің қақпақтарын қоймаңыз. Қызып кетуі мүмкін.
- Пісіру алаңын пайдаланып болғаннан кейін "off" (сөндіру) қалпына қойыңыз.
- Құрылғыны жұмыс орны немесе зат сақтайтын орын ретінде қолданбаңыз.
- Құрылғының бетіне сызат түссе, дереу тоқ көзінен ағытыңыз. Бұл әрекет электр қатеріне ұшырап қалуға жол бермейді.
- Тағамды ыстық майға салғанда, май шашырауы мүмкін.



Назарыңызда болсын!

Өрт немесе жарылыс шығу қаупі бар.

- Тоңмайларды немесе майды қыздырған кезде тұтанғыш бу пайда болады. Тоңмайға немесе майға тамақ пісірген кезде қызған заттарды немесе оттың жалынын алыс ұстаңыз.
- Қатты қызған майдан бөлініп шығатын бу, кенет жарылыстың орын алуына себеп болады.
- Құрамында тағам қалдықтары бар қолданылған май, бірінші рет қолданылып отырған майға қарағанда, төмен температурада өрт пайда болуға әкелуі мүмкін.
- Тұтанғыш заттарды немесе ішіне тұтанғыш зат салынған дымқыл заттарды құрылғының ішіне, қасына немесе үстіне қоймаңыз.



Назарыңызда болсын!

Құрылғыны бүлдіріп алуыңыз мүмкін.

- Басқару панеліне ыстық ыдыс қоймаңыз.

- Ыдысты ішіндерісі сарқылғанша қайнатпаңыз.
- Құрылғының үстіне зат немесе ыдыс құлап кетуге жол бермеңіз. Құрылғының бетіне зақым келуі мүмкін.
- Пісіру алаңдарын бос ыдыс қойып немесе ешбір ыдыс қоймай іске қоспаңыз.
- Құрылғының үстіне алюминий жұқалтыр қоймаңыз.
- Құйылған шойыннан, алюминийден жасалған немесе астына нұқсан келген ыдыстар, шыны немесе шыны керамика бетке сызат түсіреді. Бұндай заттарды құрылғының бетінде үнемі көтеріп жылжыту керек.
- Бұл тек тағам пісіруге арналған құрылғы. Бұл құрылғыны басқа мақсатта, мысалы, бөлмені қыздыру үшін пайдаланбаңыз.
- Газбен пісіретін құрылғыны пайдаланған кезде қызу және ылғал бөлінеді. Құрылғы орнатылған бөлменің жақсы желдетілуін қамтамасыз етіңіз.
- Желдеткіш саңылаулардың бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланған кезде қосымша желдету қажет болуы, мысалы, терезені ашу немесе барынша тиімді желдету тәсілін пайдалану қажет болуы, егер механикалық тартқыш бар болса, оның қарқынын арттыруға болады.
- Пішімі дұрыс, диаметрі оттықтың диаметрлерінен үлкен орнықты ыдыстарды ғана пайдаланыңыз. Шыны плита (егер болса) қатты қызып, жарылып кету қаупі бар.
- Тетікті ең үлкен қалпынан ең кіші қалпына дейін жылдам бұраған кезде, жалынның өшіп қалмайтынына көз жеткізіңіз.
- Ыдыстардың шеңберлердің ортасына орнатылғанына және пісіруге арналған беттің жиектеріне жабысып қалмайтынына көз жеткізіңіз.
- Құрылғымен бірге жеткізілген керек-жарақтарды ғана қолданыңыз.
- Оттыққа жалын шашыратқышты орнатпаңыз.

2.3 Күту менен тазалау



Назарыңызда болсын!

Құрылғыны бүлдіріп алуыңыз мүмкін.

- Құрылғының қаптамасының сапасы түспес үшін мезгіл-мезгіл тазалаңыз.

- Құрылғыны тазалау үшін сулы спрейді және бұды қолданбаңыз.
- Оттықтарды ыдыс жуғыш машинада жумаңыз.
- Құрылғыны дымқыл, жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Тек бейтарап тазартқыш заттарды қолданыңыз. Жеміргіш заттарды, түрпілі жәкені, еріткіштерді немесе темір заттарды пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны дұрыс тастауға қатысты ақпаратты жергілікті әкімшілік мекемеге хабарласып алыңыз.
- Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
- Қуат сымын кесіп алыңыз да, қоқысқа тастаңыз.
- Сыртқы газ түтіктерін майыстырыңыз.

2.4 Құрылғыны тастау




Назарыңызда болсын!

Жарақат алу немесе тұншығып қалу қаупі бар.

3. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ

3.1 Пісіру алаңдарының көрінісі



- 1 Жылдам оттық
- 2 Қосымша оттық
- 3 Жартылай жылдам оттық
- 4 Басқару тетіктері

3.2 Басқару тетіктері

Белгіше	Сипаттама
●	газ берілмейді / сөндірулі қалып
★ 🔱	жану қалпы / газ барынша көп беріледі

Белгіше	Сипаттама
🔱	газ барынша аз беріледі

4. ӨРКҮНДІК ҚОЛДАНУ



Назарыңызда болсын!

Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

4.1 Оттықты тұтату





Назарыңызда болсын!

Ас үйде ашық отты пайдаланған кезде өте абай болыңыз. Жалынды дұрыс пайдаланбаған жағдайда өндірушілер жауапкершілік көтермейді




Оттықты әрқашан ыдысты қоймай тұрып жағыңыз.

Оттықты жағу:

1. Басқару тетігін басып, сағат тілінің бағытына қарсы бұрап ең үлкен мәнге ( ) қойыңыз.
2. Термозлемент қызғанша басқару тетігін бірдей немесе аз 10 секунд басып ұстап тұрыңыз. Бұлай істемеген жағдайда газ беріліміне кедергі келеді.
3. Жалынды бірқалыпты жанғаннан кейін реттеңіз.



Егер бірнеше әрекеттен кейін оттық жанбаса, шілтері мен қақпағының дұрыс тұрғанын тексеріңіз.



A) Оттық табақшасы

B) Оттық шілтері

C) От алдырғыш

D) Термореле



Назарыңызда болсын!

Басқару тетігін 15 секундтан артық басып тұрмаңыз. Егер оттық 15 секундтан кейін жанбаса, басқару тетігін босатыңыз, оны өшірүлі қалыпқа бұраңыз да, кем дегенде 1 минуттан кейін оттықты тағы бір рет жағып көріңіз.



Электр қуаты болмаған кезде оттықты электрлік құралсыз жағуға болады; мұндай жағдайда оттыққа жанған шырпыны жақындатып, тиісті түймешені төмен басыңыз да, сағат тілінің бағытына қарсы газды барынша шығаратын қалыпқа бұраңыз.



Егер оттық кездейсоқ сөніп қалса, басқару түймешесін сөндірулі қалыпқа бұраңыз да, кем дегенде 1 минуттан кейін оттықты тағы бір рет жағып көріңіз.



Пешті орнатқаннан кейін немесе қуат үзілісінен кейін электр қуатын қосқан кезде, тұтату генераторы өздігінен іске қосылуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.

4.2 Оттықты сөндіру

Отты сөндіру үшін басқару тетігін ● белгісіне бұраңыз.



Назарыңызда болсын!

Кәстрөлдерді оттықтан алардан бұрын үнемі отты азайтыңыз немесе сөндіріп қойыңыз.

5. ПАЙДАЛЫ НҰСҚАУЛАР МЕНЕН КЕҢЕСТЕР



Назарыңызда болсын!

Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

5.1 Қуат үнемдеу

- Егер мүмкіндік болса, кәстрөлдердің қақпағын әрдайым жабыңыз.



Назарыңызда болсын!

Оттықтың диаметрлеріне сай келетін ыдыстарды пайдаланыңыз.

• Сұйықтық қайнай бастағанда, оны ақырындап қайнату үшін отты азайтыңыз.

Оттық	Ыдыстың диаметрі
Жылдам	180 - 260 мм
Жартылай жылдам	120 - 220 мм
Қосымша	80 - 160 мм




Назарыңызда болсын!

Шойыннан құйылған табаларды, тас табаны, гриль немесе тостер табақтарын газ оттықтарына қоймаңыз.



Назарыңызда болсын!

Кәстрөлдердің табандарының басқару тетіктерін басып тұрмағанына көз жеткізіңіз. Егер басқару тетіктері кәстрөлдердің астында қалса, оларды жалын ысытып жібереді. Бір табаны екі оттыққа қоймаңыз.



Назарыңызда болсын!

Кәстрөл саптарының пісіру алаңының алдыңғы қырының үстінде емес екеніне көз жеткізіңіз. Кәстрөлдерді барынша орнықты етіп қою және газды мүмкіндігінше аз пайдалану үшін кәстрөлдерді шеңберлердің ортасына қойыңыз.

Орнықсыз және түбі деформацияланған кәстрөлдерді ішіндегісі төгіліп, адам жарақат алмас үшін шеңберлерге қоймаңыз.



Назарыңызда болсын!

Жалын шашыратқышты пайдаланбаңыз.



Назарыңызда болсын!

Тағам пісіру барысында шашыраған сұйық, шыныны сындырып жіберуі мүмкін

6. КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ



Назарыңызда болсын!

Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.



Назарыңызда болсын!

Құрылғыны тазалардан бұрын сөндіріңіз де, суығанша күтіңіз. Құрылғыны тазалау немесе жөндеу жұмыстарын жүргізердің алдында оны электр желісінен ажыратыңыз.






Құрылғының бетіне түскен сызаттар немесе қошқыл дақтар оның жұмысына ешқандай әсер етпейді.

- Пештің үстін тазалауды жеңілдету үшін таба қоятын тағандарды алып қоя тұруға болады.
- Эмальмен қапталған бөліктерді, қақтақшасы мен шілтерін сабыны бар сумен жуып, орнына қайта қояр алдында жақсылап құрғатыңыз.
- Тот баспайтын болат бөліктерін сумен жуыңыз да, содан кейін жұмсақ шүберекпен құрғатыңыз.
- Таба қоятын тағандар ыдыс жуғыш машинада жууға арналмаған. Оларды қолмен жуу керек.
- Эмальмен қапталған ыдыстан кейде жолақ қалуы мүмкін, сондықтан, ыдыс тірегің қолмен жуып, кептірген кезде байқаңыз. Қажет болса, қатып қалған дақтарды тазартқыш қоймалжыңмен тазалаңыз.
- Тазалап болғаннан кейін таба тағандарын дұрыс орнатуды ұмытпаңыз.
- Оттықтар дұрыс жануы үшін таба тағандарының тармақтары оттықтың ортасында тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Пештің үстін бұлдіріп алмас үшін таба тағандарын орнына қойған кезде абай болыңыз.

Тазалап болғаннан кейін құрылғыны жұмсақ шүберекпен құрғатыңыз. Ыдыс тағандары орнықты тұру үшін олар пештің бүйірлерінде орналасқан темір істікшелермен бекітіледі. Тазалауға ыңғайлы болу үшін ыдыс тағандарын пештің үстінен алып қояға болады. Ыдыс тағандарын соңғы суретте көрсетілгендей көлденең ұстап тұрып көтеріп алыңыз.



Ыдыс тағанын еңістетіп көтерсеңіз, металл істікшелерге салмақ түседі. Бұл металл істікшелерге зақым келтіріп, сындыруы мүмкін.



Ыдыс тағандарының өлшемдері және оттықтардың саны құрылғының әр үлгісінде әр түрлі болуы мүмкін.



Назарыңызда болсын!
Тағам пісіру барысында пештің үстінен таза ұстау үшін оған алюминий жұқалтырды төсеменіз.

Қоқысты тазалау:

- **Дереу тазалаңыз:** балқыған пластмасса, полимер үлдір, қант қосылған тағам.
- **Мыналарды тазалауға кіріспес бұрын** пешті электр желісінен ағытып, суытыңыз: әк дақтары, су дақтары, май дақтары, металлдың жылтыраған дақтары. Пештің сыртқы қабатына жарамды арнайы тазалағышты пайдаланыңыз.
- Құрылғыны дымқыл шүберекпен, шамалы сабын қосып тазалаңыз.
- Соңында, құрылғыны таза **шүберекпен өбден құрғатыңыз.**



Назарыңызда болсын!

Шынының бетін немесе оттықтың жиектері мен жақтаудың (бар болса) арасын тазалау үшін пышақтарды, қырғыштарды немесе сол сияқты құралдарды қолданбаңыз.



Назарыңызда болсын!

Ыдысты шыны беттің үстінен сырғытпаңыз, сызат түсіруі мүмкін. Сонымен қатар, қатты немесе өткір заттардың шынының үстіне құлап қалуына немесе пештің жиегіне соғылып қалуына жол бермеңіз.

6.1 Тұтандырғыш оттықты тазалау

Бұл функция керамикалық тұтандыру бітелесі мен металл электродтың көмегімен орындалады. Тұтандыру қиынға соқпауы үшін осы құрамдас бөліктерді таза ұстаңыз және оттықтағы шілтер тесіктерінің бітелмегеніне көз жеткізіңіз.

6.2 Мерзімдік техникалық қызмет көрсету

Газбен жабдықтау түтігінің және, егер орнатылған болса, қысым өтпелігінің күйін тексеру үшін жергілікті қызмет көрсету орталығына мезгіл-мезгіл хабарласыңыз.

7. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ

Ақаулық	Ықтимал себебі	Шешімі
Газды жаққан кезде ұшқын шықпайды	<ul style="list-style-type: none"> Электр қуаты жоқ 	<ul style="list-style-type: none"> Құрылғының жалғанғанын және электр қуатының іске қосылғанын тексеріңіз. Сақтандырғышты тексеріңіз. Сақтандырғыш бірнеше рет ағытылып қалса, білікті электрші маманға хабарласыңыз.
	<ul style="list-style-type: none"> Оттықтың қақпағы мен шілтері қисық салынған 	<ul style="list-style-type: none"> Оттықтың қақпағы мен шілтерінің дұрыс қойылғанына көз жеткізіңіз.
Тұтатқан бетте жалын дереу сөніп қалады	<ul style="list-style-type: none"> Қыздырғыш элемент жеткілікті қызбайды 	<ul style="list-style-type: none"> От жанғаннан кейін тетікті шамамен 10 секунд басып ұстап біркелкі тұрыңыз.
Газ шеңбері біркелкі жанбайды	<ul style="list-style-type: none"> Оттықтың шілтерін тағам қалдығы бітеп тастаған 	<ul style="list-style-type: none"> Инжектордың бітеліп қалмағанын және оттық шілтерінің тағам қалдығынан бос екенін тексеріңіз.

Егер ақаулық болса, мәселені әуелі өзіңіз шешуге тырысыңыз. Егер мәселені өз бетіңізбен шеше алмасаңыз, сатушыға немесе жергілікті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Егер құрылғыны іске дұрыс пайдаланбасаңыз, немесе оны уәкілетті техник маман орнатпаған болса, тұтынушыларға қызмет көрсететін техниктің немесе сатушының өкілінің келуі тіпті кепілдік кезеңінде де тегін бола алмайды.


- Құрылғының нөмірі (PNC)
 - Сериялық нөмірі (S.N.)
- Тек фирмалық қосалқы бөлшектерді ғана қолданыңыз. Олар қызмет көрсету орталығында және қосалқы бөлшектер сататын уәкілетті дүкендерде болады.

7.1 Керек-жарақ салынған қалтадағы жапсырмалар

Жабысқақ жапсырмаларды төменде көрсетілгендей жапсырыңыз:

Бұл деректер сізге тез әрі дұрыс көмек көрсету үшін қажет. Бұл деректер жинақпен бірге жеткізілген техникалық ақпарат тақтайшасында көрсетілген.

- Үлгінің сипаттамасы



- A) Кепілдік түбіртегіне жапсырып, осы бөлшекті жіберіңіз (егер қажет болса)
- B) Кепілдік түбіртегіне жапсырып, осы бөлшекпен сақтаңыз (егер қажет болса)

- C) Нұсқаулық кітапшасына жапсырыңыз

8. ОРНАТУ



Назарыңызда болсын!

Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.



Назарыңызда болсын!


Құрылғыны орнату, жалғау мен жөндеу бойынша төмендегі нұсқауларды нормаларға және жергілікті заң ережелеріне сәйкес білікті техник қызметкерлер іске асыруға тиіс.



Құрылғының газбен жабдықтау қысымының ұсынылған мәндерге сәйкес екеніне көз жеткізіңіз. Реттелетін қосылым бұрандалы G 1/2" сомының көмегімен ауқымды еңіске бекітіледі. Бөлшектерін күш салмай бұраңыз, қосылымды қажетті бағытта реттеп орналастырыңыз да, барлығын қатайтып бұраңыз.

8.1 Газға қосу

Қолданыстағы ережелерге сәйкес тұрақты қосылым сымдарын немесе тот баспайтын болатпен қапталған иілгіш түтікті таңдаңыз. Егер иілгіш металл түтіктерді пайдаланатын болсаңыз, олардың жылжымалы бөлшектерге жанаспауын немесе қысылып қалмауын қадағалаңыз. Сондай-ақ пешті тұмшашпешпен бірге құрастырған кезде сақ болыңыз.



- A) Сомыны бар сүмбінің ұшы
- B) Тығырық
- C) Бунақты келтеқұбыр

Сұйылтылған газ

Сұйылтылған газ үшін резеңке түтік ұстатқышты пайдаланыңыз. Өрқашан

тығыздағышты орнатыңыз. Содан кейін газ желісіне қосуды жалғастырыңыз. Иілгіш түтік төмендегі жағдайларда қолдану үшін дайындалады:

- ол бөлме температурасынан жоғары, 30°C-тан асып қызып кете алмаса;
- ұзындығы 1500 мм-ден аспаса;
- ешбір жері жаншылмаса;
- оны тартып не бұрап майыстыруға болмаса;
- ол өткір жиіктер мен бұрыштарға жанаспаса;
- оның күйін тексеру үшін оны оңай қарап шығу мүмкін болса.

Иілгіш түтіктің жақсы сақталғанын бақылау үшін төмендегілерді тексеру керек:

- екі ұшында және ұзына бойында жарылған, кесілген жерлер, күйген белгілері болмауын;
 - материал қатқылданбаған, керісінше, серпімділігі дұрыс болуын;
 - бекіткіш қапсырмаларды тот баспағанын;
 - жарамдылық мерзімі өтіп кетпегенін.
- Егер бір немесе бірнеше ақаулығы байқалса, түтікті жөндеудің керегі жоқ, ауыстыру керек.



Орнату аяқталғаннан кейін әр түтік фиттингінің жақсылап бекітілгенін тексеріңіз. **Жалынды емес**, сабын ерітіндісін пайдаланыңыз!

8.2 Инжекторларды ауыстыру


1. Таба тағандарын алыңыз.
2. Оттықтың қақпақтары мен шілтерін алыңыз.
3. 7-ші сомынкілттің көмегімен инжекторларды алыңыз да, орнына қолданылатын газ түріне арналған инжекторларды салыңыз ("Техникалық ақпарат" тарауындағы кестені қараңыз).
4. Осы әрекеттерді кері тәртіпте орындау арқылы бөлшектерді құрастырыңыз.
5. Техникалық ақпарат тақтайшасын (газбен жабдықтау құбырының қасында) жаңа газ түріне сай келетін тақтайшаға ауыстырыңыз. Бұл тақтайшаны құрылғымен бірге жеткізілген қалтадан таба аласыз.

Егер газбен жабдықтау қысымы өзгермелі немесе қажетті қысымнан басқаша болса, газбен жабдықтау түтігіне қолданылатын қысым өтпелігін орнату қажет.

8.3 Ең кіші деңгейді лайықтау

Оттықтардың ең төменгі деңгейін баптау үшін:

1. Оттықты жағыңыз.
2. Тетікті ең кіші қалыпқа бұраңыз.
3. Басқару тетігін алыңыз.
4. Бұрағыштың көмегімен орағытпа бұранданы реттеп бұраңыз.



А) Орағытпа бұранда

- Табиғи G20 13 мбар немесе G20 20 мбар газды сұйылтылған газға ауыстырсаңыз, реттегіш бұранданы шегіне дейін қатайтыңыз.
- Егер сұйылтылған газды G20 13 мбар табиғи газға ауыстырсаңыз, реттегіш бұранданы шамамен айналымның 1/2 дейін босатыңыз.
- Егер сұйылтылған газды G20 20 мбар табиғи газға ауыстырсаңыз, реттегіш бұранданы шамамен айналымның 1/4 дейін босатыңыз.
- Егер G20 13 мбар табиғи газды G20 20 мбар табиғи газға ауыстырсаңыз, реттегіш бұранданы шамамен айналымның 1/4-не дейін қатайтыңыз.
- Егер G20 20 мбар табиғи газды G20 13 мбар табиғи газға ауыстырсаңыз, реттегіш бұранданы шамамен айналымның шамамен 1/4-не дейін босатыңыз.



Назарыңызда болсын!

Тетікті ең үлкен қалпынан ең кіші қалпына дейін жылдам бұраған кезде, жалынның өшіп қалмайтынына көз жеткізіңіз.

8.4 Электртоғына қосу

- Техникалық ақпарат тақтайшасындағы атаулы кернеу мен электрмен жабдықтау түрінің жергілікті кернеу мен қуатпен жабдықтау мәндеріне сай келетініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғы электр сыммен жабдықталған. Оны техникалық ақпарат тақтайшасындағы

жүктемені көтере алатын дұрыс ашамен жабдықтау керек. Ашаның сай келетін розеткаға қосылғанына көз жеткізіңіз.




- Өрқашан дұрыс орнатылған, қатерден сақтандырылған розетканы қолданыңыз.
- Орнатып болғаннан кейін ашаның қол жететін жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны тоқтан ажырату үшін сымынан тартпаңыз. Өрқашан ашасынан тартып суырыңыз.
- Құрылғыны ұзартқыш сыммен, адаптермен немесе көп тармақты қосылым арқылы қосқан кезде өрт шығу қаупі бар. Жерге тұйықтау стандарттар мен ережелерге сай іске асырылғанына көз жеткізіңіз.
- Қуат сымын 90° С градустан асатын температурамен қыздырмаңыз.

Көк бейтарап сымның "N" таңбасы салынған ағытпаға жалғанғанына көз жеткізіңіз. Қоңыр (немесе қара) фаза сымын "L" таңбасы бар ағытпаға жалғаңыз. Фаза сымын үнемі қосып қойыңыз.

8.5 Қосылым сымын ауыстыру

Қосылым сымын ауыстыру үшін тек H05V2V2-F T90 сымын немесе осының баламасын қолданыңыз. Сымның қимасының кернеуге және жұмыс температурасына сәйкес екеніне көз жеткізіңіз. Сары/жасыл түсті жерге қосу сымы қоңыр (немесе қара) түсті фазалық сымнан шамамен 2 см ұзынырақ болуға тиіс.

8.6 Кіріктіріп орнату



A) жинақтағы тығыздағыштар

B) жинақтағы қапсырмалар




Сақтандыру туралы ескерту!

Құрылғыны тек біртегіс жайпақ бетке ғана орнатыңыз.

8.7 Кірістіру жолдары

Есігі бар ас үй жиһазы

Пештің астына орнатылатын тақта алуға оңай және техникалық қызмет көрсету қажет болғанда қол жеткізуге оңай болуға тиіс.



A) Алынбалы тақта

B) Қосылым сымдарына арналған орын

Тұмшاپеш орнатылған ас үй жиһазы

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін және тұмшاپешті құрылғыдан оңай алу үшін пештің үсті мен тұмшاپешті электр желісіне жеке-жеке қосу керек.

9. ТЕХНИКАЛЫҚ АҚПАРАТ

Пештің өлшемдері

Ені:	590 мм
Ұзындығы:	520 мм

Пештің ойығының өлшемдері

Ені:	560 мм
Ұзындығы:	480 мм

Жылу кірісі

Жылдам оттық	3.0 кВт
Жартылай жылдам оттық:	2.0 кВт
Қосымша оттық:	1.0 кВт
ТОЛЫҚ ҚУАТЫ:	G20 (2H) 13 мбар = 8.0 кВт G30/G31 (3B/P) 30/30 мбар = 545 г/сағ G20 (2H) 20 мбар = 7.7 кВт
Электрмен жабдықтау:	230 В ~ 50 Гц
Санаты:	II2H3B/P
Газға қосу:	G 1/2"
Газбен жабдықтау:	G20 (2H) 13 мбар
Құрылғының сыныбы:	3

Байпас диаметрлері

Оттық	Ø Байпас, 1/100 мм	Оттық	Ø Байпас, 1/100 мм
Қосымша	28	Жылдам	42
Жартылай жылдам	32		

ТАБИҒИ G20 13 мбар ГАЗҒА арналған газ оттықтары

ОТТЫҚ	ҚАЛЫПТЫ ҚУАТ кВт	инж. 1/100 мм
Қосымша	1.0	82
Жартылай жылдам	2.0	111
Жылдам	3.0	149

ТАБИҒИ G20 20 мбар ГАЗҒА арналған газ оттықтары


ОТТЫҚ	ҚАЛЫПТЫ ҚУАТ кВт	инж. 1/100 мм
Қосымша	1.0	70
Жартылай жылдам	1.9	96
Жылдам	2.9	119


СГ G30/G31 30/30 мбар-ға арналған газ оттықтары

ОТТЫҚ	ҚАЛЫПТЫ ҚУАТ кВт	инж. 1/100 мм	г/сағ
Қосымша	1.0	50	73

ОТТЫҚ	ҚАЛЫПТЫ ҚУАТ кВт	ИНЖ. 1/100 мм	г/сағ
Жартылай жылдам	1.9	71	138
Жылдам	2.7	86	196

10. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЗИЯН КЕЛДІРМЕУ ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТТАР

Белгі  салынған материалдарды қайта өңдеуден өткізуге тапсырыңыз. Орам материалдарын қайта өңдеуден өткізу үшін тиісті контейнерлерге салыңыз. Электрлік және электроникалық құрылғылардың қалдығын қайта өңдеуден өткізу арқылы, қоршаған ортаға және

адамның денсаулығына зиян келтіретін жағдайларға жол бермеуге өз үлесіңізді қосыңыз. Белгі  салынған құрылғыларды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Өнімді жергілікті қайта өңдеу орталығына өткізіңіз немесе жергілікті мекемеге хабарласыңыз.

СОДЕРЖАНИЕ

1. СВЕДЕНИЯ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ	18
2. УКАЗАНИЯ ПО БЕЗОПАСНОСТИ	20
3. ОПИСАНИЕ ИЗДЕЛИЯ	22
4. ЕЖЕДНЕВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ	23
5. ПОЛЕЗНЫЕ СОВЕТЫ	24
6. УХОД И ОЧИСТКА	25
7. ПОИСК И УСТРАНЕНИЕ НЕИСПРАВНОСТЕЙ	26
8. УСТАНОВКА	28
9. ТЕХНИЧЕСКИЕ ДАННЫЕ	30

МЫ ДУМАЕМ О ВАС

Благодарим Вас за приобретение прибора Electrolux. Вы выбрали изделие, за которым стоят десятилетия профессионального опыта и инноваций. Уникальное и стильное, оно создавалось с заботой о Вас. Поэтому когда бы Вы ни воспользовались им, Вы можете быть уверены: результаты всегда будут превосходными.

Добро пожаловать в Electrolux!

На нашем веб-сайте Вы сможете:



Найти рекомендации по использованию изделий, руководства по эксплуатации, мастер устранения неисправностей, информацию о техническом обслуживании:
www.electrolux.com



Зарегистрировать свое изделия для улучшения обслуживания:
www.RegisterElectrolux.com



Приобрести дополнительные принадлежности, расходные материалы и фирменные запасные части для своего прибора:
www.electrolux.com/shop

ПОДДЕРЖКА ПОТРЕБИТЕЛЕЙ И СЕРВИСНОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ

Мы рекомендуем использовать оригинальные запчасти.

При обращении в сервис-центр следует иметь под рукой следующую информацию.

Данная информация находится на табличке с техническими данными. Модель, код изделия (PNC), серийный номер.



Внимание / Важные сведения по технике безопасности.



Общая информация и рекомендации



Информация по защите окружающей среды

Право на изменения сохраняется.

1. СВЕДЕНИЯ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ

Перед установкой и эксплуатацией прибора внимательно ознакомьтесь с приложенным руководством. Производитель не несет ответственность за травмы и повреждения, полученные/вызванные неправильной установкой и эксплуатацией. Побойтесь о том, чтобы данное руководство было у Вас под рукой на протяжении всего срока службы прибора.

1.1 Безопасность детей и лиц с ограниченными возможностями



ВНИМАНИЕ!

Существует риск удушья, получения травм или стойких нарушений нетрудоспособности.

- Данный прибор может эксплуатироваться детьми старше 8 лет и лицами с ограниченными физическими, сенсорными или умственными способностями или с недостаточным опытом или знаниями только при условии нахождения под присмотром лица, отвечающего за их безопасность.
- Не позволяйте детям играть с прибором. Запрещается оставлять детей в возрасте до 3 лет без присмотра вблизи прибора.
- Храните все упаковочные материалы вне досягаемости детей.
- Не подпускайте детей и домашних животных к прибору, когда он работает или остывает. Доступные для контакта части прибора сохраняют высокую температуру.
- Если прибор оснащен функцией «Защита от детей», рекомендуется включить эту функцию.
- Очистка и доступное пользователю техническое обслуживание не должно производиться детьми без присмотра.

1.2 Общие правила техники безопасности

- Прибор и его доступные для контакта части сильно нагреваются во время эксплуатации. Не прикасайтесь к нагревательным элементам.

- Не эксплуатируйте данный прибор с помощью внешнего таймера или отдельной системы дистанционного управления.
- Оставление на варочной панели продуктов, готовящихся на жире или масле, может представлять опасность и привести к пожару.
- Ни в коем случае не пытайтесь залить пламя водой; вместо этого выключите прибор и накройте пламя, например, крышкой или противопожарным одеялом.
